


Қарасу негізгі мектебінің  
«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару  
ұйымының 2021-2022 оқу жылында  
өткізілген іс-шаралар туралы

Хабарлама

Қарасу негізгі мектебінде «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды. Жыл басында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының президентіне мектеп оқушылары өзінің сайлау бағдарламасын ұсынып, нәтижесінде 9 сынып оқушысы Берекет Бек Бектасұлы мектеп президенті болып сайланды.



Қыркүйек айында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының отырысы өткізіліп, фракция мүшелері мен тьюторлық басшылары сайланып, өз міндеттерімен таныстырылды. Отырыста «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспары бойынша фракция мүшелері мен тьюторлық басшыларына міндеттемелер мен тапсырмалар берілді.





**Құқық және тәртіп фракциясы** мүшесі мен тьюторлық басшысының ұйымдастыруымен «**Мектеп оқушылар көзімен**» атты сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар «**Құқығым бар!**» семинар тренинг 7-9 сынып оқушылары арасында өткізілді. Семинарда оқушылар өз ойларын ортаға салып, сұрақтарға жауап берді. Фракция мүшесі күнделікте мектепте тәртіпті қадағалап, оқушыларды мектеп формасын, оқулықтың таза ұсталуын қадағалап отырады.



**Ақпарат фракциясы** мүшесі мен тьюторлық басшысының ұйымдастыруымен «**Тіл білгірі**» сайысы өткізілді. Фракция мүшесі Қоблан Арайлым мектеп инстаграмм парақшасын жүргізеді. Мектептегі жаңалықтарды жариялап отырады. Сонымен қатар «**Ең үздік оқырман**», «**Үздік спортшы**» т.б жарнамаларын жасайды. Облыстық, аудандық жеңімпаздарын құттықтап отырады. «**Менің ұстазым**» тақырыбында айына 1 рет челлендж өткізіліп тұрады.



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай «Мектеп парламенті» өзін-басқару ұйымының іс-шараларын өткізу барысында белсенділік көрсеткен ұйым мүшелері алғыс хаттармен мектеп әкімшілігінің сыйлықтарымен марапатталды.



Спорт және салауат фракциясы мүшесі мен тьюторлық басшысы ұйымдастыруымен мектепшілік спорттық іс-шараларды апта сайын өткізіліп тұрады. Күнделікті сабаққа келгенде фракция мүшесі таңғы спорттық жаттығуды өткізеді. Сынып жетекшілер мен оқушылар арасында «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты спорттық сайыс өткізілді. Сонымен қатар оқушылар арасында «Спид – ғасыр дерті» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп президенті Берекет Бек облыс чемпионатында қол күрестен 3 орынды иеленді.





**Өзін-өзітану және бақыт фракциясы мүшесі мен тьюторлық басышысының ұйымдастыруымен бірнеше іс-шаралар өткізілді. Фракция мүшелері қоңырау уақытында балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында тренингтер ұйымдастырды. «Жүректен жылу таратқан», «Сүйіспеншілік жүрек негізі», «Мейірімге толы жүрек»атты іс-шаралар өткізді.**



**«Экология және еңбек»фракциясы бойынша «Экология және біз» атты дөңгелек үстел өткізілді.**



Ауылымыздың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында «**Табиғатты аялайық**» т.б акциялар өткізіліп тұрады.



Дебат қозғалысының фракциясы мүшесі мен тьюторлық басшысының ұйымдастыруымен «Білім артықпа, байлық арықпа?», «Әлемде мейірімділік барма?» т.б тақырыптарда дебат өткізіліп тұрады. Аудандық дебат сайыстарында оқушыларымыз 3 орынды иеленді.



Мәдениет және өнер фракциясы бойынша өзін-өзі басқару мүшелерінің ұйымдастыруымен «**Бар жақсылық сіздер үшін ұстаздар!**», «**Тәуелсіздікке-30 жыл**», «**Қазақстанның білімді ұрпағы**» атты іс-шаралар өткізілді.



Қайырымдылық фракциясы «**Еріктілер**» жобасы мен «**Аялы алақан**» жобасы бойынша іс-шаралар өткізілді. «**Қайырымдылық жылы жүркен**» акциясы, «**Қайырымдылық жасауға кешікпе**» атты қайырымдылық жәрмеңкесі тоқсанына 1 рет өткізілді. Сонымен қатар 7-9

сынып оқушылары арасында «Жүрегім толы-мейірім» атты сынып сағаттары өткізілді. [16:54, 21.03.2022] Отбасым:

[https://www.instagram.com/p/CbQfXSAg5jI/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CbQfXSAg5jI/?utm_medium=copy_link)

[16:55, 21.03.2022] Отбасым: [https://www.instagram.com/tv/Cah6leUggB4/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/tv/Cah6leUggB4/?utm_medium=copy_link)

[16:56, 21.03.2022] Отбасым: [https://www.instagram.com/tv/Cag9SyXgNTR/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/tv/Cag9SyXgNTR/?utm_medium=copy_link)

[16:56, 21.03.2022] Отбасым:

[https://www.instagram.com/tv/CabWjHEIL0h/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/tv/CabWjHEIL0h/?utm_medium=copy_link)[https://www.instagram.com/p/CZtwKHS Ae8G/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CZtwKHS Ae8G/?utm_medium=copy_link)



Қорыта айтқанда «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындап, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына өз үлестерін қосты. Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерінің қоғамдық жұмыстағы білім саласындағы еңбектері еленіп Тәуелсіздіктің -30 жылдығына орай мектеп алғысхаттарымен марапатталып, сыйлықтар табысталды. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы инстаграмм желісінде жарияланып отырады.

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі Смайлова І.С.

